

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Possible strategies for addressing the growing demand for teachers include incentives and support for teachers, increasing teacher training and recruitment, and reducing class sizes.

References

1. Ingersoll, R., & Merrill, E. (2017). Seven trends: The transformation of the teaching force. Consortium for Policy Research in Education.
2. Jha, S. K., & Khurana, A. (2019). Teacher shortage in India: Magnitude, causes, and policy options. *International Journal of Educational Development*, 68, 21-30.
3. Okello, B. B., & Ndirangu, J. M. (2020). Teacher shortages and student enrolment in Kenyan public primary schools. *International Journal of Educational Development*, 75, 102168.
4. Darling-Hammond, L., Hyler, M. E., & Gardner, M. (2017). Effective teacher professional development. Learning Policy Institute.
5. Agadjanian, V., Dommaraju, P. & Nedoluzhko, L. Economic fortunes, ethnic divides, and marriage and fertility in Central Asia: Kazakhstan and Kyrgyzstan compared. *J Pop Research* 30, 197–211 (2013). <https://doi.org/10.1007/s12546-013-9112-2>
6. Nurymbetov, Y. (2022). Recruiting the high-achieving graduates to the teaching profession. The case of Kazakhstan. *Kwartalnik Pedagogiczny*. 53-73. 10.31338/2657-6007.kp.2022-2.10.
7. Iztaeva, A. (2014). Феминизация профессии учителя в Казахстане: причины и последствия. *Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии*, 50(3).
8. Бюро национальной статистики (2022). Динамика основных показателей охвата образованием. Агентство по стратегическому планированию и реформам РК. Доступно: <https://bala.stat.gov.kz/dinamika-osnovnyh-pokazatelej-ohvata-obrazovaniem/>
9. Бюро национальной статистики (2022). Дети Казахстана 2017-2021. Статистический сборник. С. 117
10. Бюро национальной статистики (2022). Показатели рождаемости за 2011-2022 годы. С. 4

ӘОЖ 37.013.77

ЖАС ӨСПІРІМДЕРДІҢ АДЕКВАТТЫ ӨЗІН- ӨЗІ БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Орынбасар Меруерт Бекбосынқызы

Қазақстан, Астана қаласы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

6B01103 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша

3 курс студенті

Ғылыми жетекші – п.ғ.к., профессор м.а. Албытова Назымгүл Пышакбайқызы

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі елеулі өзгеріс оқушының жеке тұлғасына құрметпен қарау, тәуелсіз және шығармашылық тұлғаны дамыту. Мұнда білім алушының өз даралығын тануы, өзін-өзі адекватты бағалауы маңызды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «білім беру қызметі - білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогтік негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс», - деп атап көрсетілген. Осы міндетке сәйкес оқушылардың үздіксіз білім алып, өзін-өзі тәрбиелеп, дамытуы негізінде олардың өздерінің іс-әрекеттерін бағалай білулерін қалыптастыру басты міндеттерден саналады [1].

Өзін-өзі бағалау – адамның өзіндік санасының ерекше қалыптасуы, өзін-өзі тану саласындағы жалпылау жұмыстарының нәтижесі және өзіне деген эмоционалды құнды

қатынасы. Сонымен бірге өзіндік сана жеке тұлғаның өз пайымдаулары мен іс-әрекеттеріндегі психикалық белсенділігі мен дербестігін қалыптастырудың негізі ретінде түсініледі [2]. Тұлғаның қалыптасып, дамуында өзін – өзі адекватты бағалаудың орны ерекше. Қ.Жарықбаев және О.Саңғылбаевтың Психологиялық энциклопедиялық сөздігінде мынадай анықтама береді: «Өзін-өзі қастерлеу– өзін-өзі білдіру мен өзін-өзі көрсетуге әсер ететін, тұлғаның өзіне-өзі жағымды сезімі» [3,419 б].

Өзін-өзі бағалаудың анықтамасын С.Ю.Головин береді: «Өзін-өзі бағалау – бұл адамның өзіне, оның мүмкіндіктеріне, басқа адамдар арасындағы қасиеттері мен орнын бағалауы, оның өзіне немесе жеке қасиеттеріне берген бағасы. Тұлғаның өзегіне қатысты мінез-құлықтың маңызды реттеушісі. Адамның басқалармен қарым-қатынасы, оның өзіне деген сыншылдығы, талапшылдығы, жетістіктер мен сәтсіздіктерге байланысты көзқарасы. Осылайша, ол іс-әрекеттің тиімділігіне және жеке тұлғаның одан әрі дамуына әсер етеді» [4, 365 б].

Американдық психолог Вирджиния Сатир өзін-өзі бағалауға мынадай анықтама береді: «өзін-өзі бағалау – өзіндік сананың құрамдас бөлігі, өзін бағалау (адамның сыртқы түрі, ерекшеліктері мен жеке қасиеттері) адамның өзіне қатысты сезімі мен ойы » [5, 72 б]. А.Т.Фатуллаева бойынша, өзін – өзі бағалау-бұл адамның өзін, оның мүмкіндіктерін, қасиеттерін және басқа адамдар арасындағы орнын бағалау дейді [6]. Өзін-өзі бағалау түсінігін көптеген отандық және шетелдік ғалымдар жан - жақты зерттеген (№1 кесте):

№	Ғалымдар	Зерттеулері
1	эл-Фараби, Ж.Баласағұн, Х.Дулати, М.Қашқари, А.Құнанбаев, А.Яссауи	Тұлғаның өзін-өзі адекватты (қалыпты) бағалауын қалыптастыруға қатысты мәселелерін зерттеген.
2	Р.К.Төлеубекова, Ә.Мұханбетжанова және т.б	Өзін-өзі тәрбиелеу және тану сонымен қатар, тәрбие үрдісінде баланың жеке ерекшеліктерін дамыту мәселесінің өзекті мәселелерін қарастырған.
3	Б.Г.Ананьев, Л.И. Божович, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев	Өзін-өзі бағалауды психологиялық категория ретінде қарастырған.
4	Б.Г. Ананьев, Т.В. Архиреев, О. А. Белобрыкина, И. В. Боязитова, А.В. Захарова, Т.Л. Иванова, М.Г. Казакина, А.Т. Фатуллаева, Л. Ю. Фомина, П. М. Якобсон	Өзін-өзі бағалау генезисін, құрылымын, факторларын, онтогенездегі қалыптасу ерекшеліктерін, өзін-өзі бағалау формаларын, оның тұрақтылық дәрежесін қарастырған [8].
5	О.И. Карпухин, Т.З.Козлова	Өзін-өзі бағалауды табыстылық дәрежесі, мәдени бірегейлік, адам денсаулығы ретінде қарап, сынды ғалымдар әлеуметтік зерттеулер жүргізген [10].
6	А. А. Бодалев, У. Джеймс, Е. В. Ишмаматьева, В. Г. Казаков, И. С. Кон	Тұлға қызметінің әлеуметтік-психологиялық аспектісіндегі зерттеулер, өзін-өзі тануды қалыптастыру, «мен-тұжырымдама» және тұлғаның адамгершілік қасиеттер, бағытын зерттеген [9].

№ 1 кесте. Отандық және шетелдік ғалымдардың өзін- өзі бағалауды зерттеулері

Жасөспірімдік кезең – жеке тұлғаның өзін-өзі бағалау деңгейіндегі өзгерістерге толы өмірдегі елеулі кезең. Бұл өсу мен даму кезеңі бейімделуді және өзін-өзі бағалаудағы өзгерістерді талап ететін, өзін-өзі бағалау сезімін төмендететін ерекше өтпелі кезең деп айтуға болады. Жасөспірімнің өзін-өзі бағалауы тұлғаның орталық қалыптасуы. Өзін-өзі бағалау қоршаған ортадан кері байланыс ала отырып, белсенділік пен тұлға аралық әрекеттесу процесінде қалыптасады. Жеке тұлғаның өзін-өзі бағалауының қалыптасуына қоғам аса зор әсер етеді. Жасөспірімнің өзін-өзі бағалауы адамның өзіне деген қатынасы ретінде адамның әлемге қатынасы жүйесіндегі соңғы қалыптасу. Бірақ, соған қарамастан, тұлғалық қарым-қатынас құрылымында өзін-өзі бағалау ерекше орын алады.

С.Л.Рубинштейн жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының дамуын бірнеше кезең арқылы, өзін-өзі аңғал білмеуден барған сайын нақты және кейде күрт ауытқып тұратын өзін-өзі бағалауға дейін сипаттайды. Жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының даму процесінде зейіннің шоғырлануы тұлғаның сыртқы жағынан оның ішкі жағына, азды-көпті кездейсоқ белгілерден жалпы мінезге ауысады. Нәтижесінде адам өзін жоғары деңгейдегі тұлға ретінде анықтайды [7].

Тұлғаның өзін-өзі адекватты (қалыпты) бағалауын қалыптастыруға Өзін-өзі бағалау түрлері кеңінен зерттелген, олардың толық тізімімен Л. В.Бороздина, О. Н. Молчанова, М. И. Станкин сынды ғалымдардың еңбектерінде танысуға болады. Бірақ олардың зерттеулерінде егжей-тегжейлі жіктеулерге қарамастан, ғалымдар көптеген зерттеулерде тек адекватты (қалыпты) және адекватты емес (қалыпты емес) өзін-өзі бағалауды ажыратады. [11; 12].

Адекватты өзін – өзі бағалау - бұл адамға өз күштерін әртүрлі қиындықтармен және басқалардың талаптарымен дұрыс байланыстыруға мүмкіндік беретін өзінің жеке тұлғасының объективті көрінісі [13]. Адекватты өзін-өзі бағалау өзін-өзі сынау мен өзіне деген талапты, өзіне деген сенімділікті және белгілі бір талап деңгейін қалыптастыруға мүмкіндік береді, ол тұрақты және баланың не істейтініне және ол үшін қаншалықты маңызды екеніне байланысты. Адекватты өзін-өзі бағалаумен адам моральдық жағынан қанағатана алады, өйткені өзін-өзі қалыпты яғни адекватты бағалай алатын жасөспірімдер белсенділікке, оптимизмге, көпшілікке және әзіл-оспаққа ие. Олар өз мүмкіндіктеріне сәйкес тапсырмаларды өз бетінше және дұрыс таңдайды, сондықтан сәтсіздіктер сирек кездеседі, ал егер олар орын алса, олар өздерін тексеріп, келесі жолы қиын емес мақсатты таңдайды. Өзін-өзі қалыпты бағалай алатын жасөспірімдер өздерінің болашағын неғұрлым негізделген және перспективалық жоспар құруға бейім болады [14; 15; 16].


Өзін-өзі бағалаудың **қалыпты емес (адекватты емес)** болуы мынадай салдарға әкелуі мүмкін: шағымдар деңгейінің бұрмалануы, субъектінің қоршаған шындықпен жалпы қақтығысы және кейде девиантты мінез-құлықтың көрінісі болуы мүмкін. Өзін-өзі бағалауы жоғары жасөспірімдерге тән белгілері-олардың мүмкіндіктері мен іс-әрекеттерінің нәтижелерін қайта бағалау, қоғамға сәйкес келмейтін міндеттерді таңдау, тәкаппарлық, әдепсіздік және шамадан тыс сенімділік. Жеке және ғылыми бақылаулардан кеңінен танымал, өзін-өзі бағалауы жоғары жасөспірімдер әрқашан өздері туралы және олардың қызметі туралы оң пікір айтады және басқалардың істеген істеріне жеткілікті сыни көзқараспен қарайды, олардың қадір-қасиетін төмендетеді [17]. Мұндай балалар дөрекілік, агрессивтілік, қыңырлық танытуы мүмкін, сондықтан өзін-өзі бағалауды түзетуге тырысу көбінесе сәтсіздікке әкеледі. Өзін-өзі бағалаудың жоғарылауы баланың бір іс-әрекеттегі жиі сәтсіздіктері аясында оның ішінара және кішігірім еңбегі екіншісінде асыра бағаланатындығымен байланысты, бұл оған уақытша табысқа жетуді қамтамасыз етеді және оның өзіне деген сенімділігін сақтайды [18].

Жоғарыда айтылып өткендей, **адекватты (қалыпты) өзін-өзі бағалайтын** жасөспірімдер қиындықтарды еңсере алады және қателік жіберсе барлығын қабылдап шешудің жолын іздейді. Өз ойын және көзқарастарын айтуға қорықпайды, жауапкершілікті алудан

қашпайды, тәуекел етуге бейім келеді. Өз қателіктерін мойындай алады және өзін қалай бар дәл солай қабылдайды, өзінің айқын мақсаттарына қарай жүреді.

Өзін - өзі өте төмен бағалайтындар өзіне сенімсіз, әрдайым қорқынышпен жүреді және ешқашан жолы болмайтын адам ретінде санайды. Өзін жақсы және керемет дүниелерге лайық көрмейді. Жалпы қоғамда, адамдар арасында көптеген тосқауылдар бар секілді сезінеді (№ 1 сурет).

Қалыпты емес (адекватты емес) жасөспірім өзін өте жоғары немесе өте төмен бағалайды. Қалыпты және орташа бағалау болмайды. Өте жоғары бағалайтын жасөспірімдер өзіне тым сенімді, тәкәппар, қызғаншақ және әдепсіз болады. Басқалардың пікірлерін тыңдағысы және мойындағысы келмейді. Осындай дүниелерден өзін өте қатты жоғары бағалауы мүмкін дәлірек айтсақ нарциссизм мұндай жасөспірімдер өзіншіл және басқаларға деген қамқорлық сезімі жоқ, сырттай өзіне сенімді көрінгенімен іште өзіне тым сенімсіз. Дегенмен де, жоғары бағалаудың қауіпі жоғары.



№ 1 сурет. Өзін-өзі бағалау түрлері

Қорытындылай келе, адекватты (қалыпты) бағалауды қалыптастыру - бұл баяу және біршама еңбекті қажет ететін процесс және өзіне сенімді және қамқор жасөспірімнің осы жолда сәтті жүруіне көмектесуі маңызды. Сонымен, адекватты, яғни қалыпты бағалаудың жасөспірім өмірінде айырықша рөл ойнайтындығы сараланды, неғұрлым өзін қалыпты бағалай алса, соғұрлым қауіп- қатер деңгейі төмен болады.

Адекватты (қалыпты) өзін-өзі бағалауды қалыптастырудға төмендегідей көмекші құралдарды пайдалануға болады:

- Өзін- өзі бағалау тақырыбында дөңгелек үстелдер, педагогикалық және психологиялық дәрістер және тренингтік сабақтар ұйымдастыру;
- Өзін-өзі бағалау тақырыбындағы жағдаяттарды талдау, дискуссия өткізу т.с.с.
- Өзін-өзі бағалау тақырыбына байланысты фильмдер мен бағдардамаларды ұсыну және кері байлыныс жасау;
- Өзін – өзі адекватты бағалау тақырыбы аясында кітаптарды ұсыну. Айта кететін жайт, қазіргі уақытта отандық және шетелдік туындыларда көптеген фильмдер мен кітаптар осы тақырып аясында кеңінен таралған. Оларды дұрыс таңдап ұсыну өте маңызды, себебі жасөспірімге кері әсерін тигізуі ықтимал.

Қолданылған әдебиеттер

1. Білім туралы - "Әділет" АҚЖ (zan.kz)
2. Мещеряков Б.Г., Зиченко В. П. Большой психологический словарь. М.: АСТ, 2009. 374с.
3. Психология: Энциклопедиялық сөздік./ Бас ред. Б.Ө. Жақып. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.
4. Головин. С.Ю. Словарь практического психолога. / Сост. С.Ю.Головин. Минск: Харвест, 2013–800 с.
5. Сатир В. Как строить себя и свою семью. – М.: Педагогика- Пресс, 2006–254 с.
6. Фатуллаева А.Т. Самооценка как основа личностного становления младшего школьника//Среднее профессиональное образование (СПО). Школа Педагога.2009. №6.
7. С.Л.Рубинштейн, ОСНОВЫ ОБЩЕЙ ПСИХОЛОГИИ.(1989) Онлайн Библиотека <http://www.koob.ru>
8. Ларина А.Б.Формирование познавательной самооценки учащихся: методическое пособие.Калининград: КОИРО, 2011.285с.
9. Иващенко А.В.Я-концепция личности в отечественной психологии: монография.М.: МГСА, 2000.448с.
10. Бороздина Л. В. Сущность самооценки и ее соотношение с Я концепцией // Вестник Московского университета. Серия 14. Психология. 2011. №1.
11. Молчанова О. Н. Проблемы самооценки индивидуальной личности // Мир психологии. 2011. №1. Молчанова
12. Станкин М.И. Психология самооценки // Специалист. 2005. №7.
13. Петровский А.В., Ярошевский М.Г. Психология: Словарь . М.: Политиздат, 2008. 305 с.
14. Бахолдина В.Ю. , Ступина К.С. , Ковылин В.А. Конституциональный тип и самооценка у детей и подростков // Вестник Московского университета . Серия 23. Антропология. 2010. №2 .
15. Кулагин И.В., Колюцкий В.Н. Возрастная психология: Полный жизненный цикл развития человека.М.: ТЦ Сфера,2005.464
16. Старостина Е.А. Социально - психологические детерминанты самооценки подростка в системе межличностного общения // Конференция «Ломоносов 2012 » . Секция «Психология » . 2012. 68 с.
17. Васягина Н.Н. Актуальные проблемы психологии личности: Сборник научных трудов . Екатеринбург: УрГПУ , 2004. 119с .
18. Юрчик С.Н. Психологические аспекты формирования самооценки в подростково - юношеском возрасте // Социально - педагогическая работа . Серия « В подмогу педагогу » . 2008. No 11 .

УДК 178.95

СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Райкенова Шолпан Кайратовна
shraiknova@gmail.com

Магистрант Российского университета дружбы народов, Москва, Россия

Научный руководитель – Д.С.Ермаков

В современных условиях, когда в педагогической науке и практике целью выступает воспитание гармоничной личности для креативной деятельности в обществе, то есть человека-